



МАНҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№58-59 (10566) 10 ШІЛДЕ, ЖҰМА, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАРҚЫНДЫ



**МАНҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ҚҰРЫЛТАЙ
ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫН ЖОҒАРЫ
ДЕНҒЕЙДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА
АУҚЫМДЫ ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ
ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР. ӨНІРДЕГІ САЙЛАУ
НАУҚАНЫНЫҢ БАРЫСЫ МЕН ДАУЫС
БЕРУШІЛЕРГЕ ЖАСАЛҒАН ЖАҒДАЙЛАР
ТУРАЛЫ МАНҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ
КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ЕЛУБАЙ ӘБИЛОВ МӘЛІМДЕДІ.**

органдардың жауапты қызметкерлері бекітілген. Оған қоса, заманауи цифрлық мүмкіндіктер де қарастырылған: тұрғындар өз мәліметтерін үйден шықпай-ақ <http://sailau.e-mangistau.kz/> интернет-ресурсы немесе арнайы https://t.me/man_saylaw_bot Telegram-боты арқылы оңай тексере алады.

Аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы заңнамалық талаптарға да ерекше тоқталып өтті. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 24-бабының 5-тармағына сәйкес маңызды ереже бекітілген. Егер сайлаушының сайлау күні өзі тіркелген жердегі дауыс беру учаскесіне келе алмайтыны алдын ала белгілі болса, ол 2026 жылғы 23 шілдеден кешіктірмей өзі болатын жердегі жергілікті атқарушы органға жазбаша өтініш беруі тиіс. Осы өтініш негізінде азамат өзі баратын аумақтағы тиісті сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

Осылайша, Маңғыстау өңіріндегі сайлау науқаны заң талаптарына сай ашық әрі сайлаушылар үшін барынша ыңғайлы форматта ұйымдастырылууда.

«МАНҒЫСТАУ» АҚПАРАТ



ауданда арнайы 8 Call-орталық іске қосылды. Онда жергілікті атқарушы

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРДЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН ЭКОТИМБИЛДИНГ

**МАНҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА «ЭКОТИМБИЛДИНГ – 2026» ІС-ШАРАСЫ
ӨТТІ. ОБЛЫСТЫҚ ЖАСТАР
РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ІС-ШАРАҒА ОБЛЫСТЫҢ ӘР ӨНІРІНЕН 80 ВОЛОНТЕР ҚАТЫСТЫ. МҰНДАҒЫ МАҚСАТ – ЖАСТАР АРАСЫНДА ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ВОЛОНТЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ.**



Әсел ҚАЗМАҒАМБЕТОВА

Экотимбилдингке UNICEF ұйымы, «Рухтан» қоғамдық бірлестігі, «Қолдау» волонтерлер корпусы, Жанаөзен қаласындағы «Жасыл жебе» эковолонтерлер клубы, «Astro-X», «English Speaking Club» және «JanaLep» еріктілер клубтары қолдау көрсетті. Қатысушылар іс-шараны жағалау аумағын тазалаудан бастады. Аумақты қоқыстан тазартып, жиналған қалдықтарды сұрыптау арқылы арнайы қабылдау орындарына тапсырды.



– Бүгінгі акцияға 8 ұйымның волонтерлері қатысып жатыр. Олардың арасында тәжірибелі еріктілер мен қатарға жаңа қосылған жастар да бар. Біздер «Таза Қазақстан» акциясы аясында жиі сенбіліктер өткізіп тұрамыз. Десе де облыс жастарының басын біріктірген мұндай экотимбилдингті алғаш өткізуіміз. Іс-шара волонтерлердің басын біріктіріп, оларды ұйымшылдыққа, бірге жұмыс жасауға дағдыландыруды көздейді, – деді облыстық Жастар ресурстық орталығының басшысының міндетін атқарушы Меруерт Қонақбаева.

Белсенді жастар түрлі қабілеттерді сынауға бағытталған тимбилдинг ойындарына қатысып, жаңа таныстықтар орнатты, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. Төрт топқа бөлінген ерікті жастар түрлі сайыстарда өздерінің физикалық күші – шапшаңдығы мен тапқырлығын сынап салды. Ойындар жастардың ауызбіршілігі мен командалық рухын нығайтып, алдағы уақытта бірлескен жобаларды жүзеге асыруға серпін берді.



– Бүгінгі экотимбилдинг көңілімінен шықты, өте жоғары деңгейде өтті. Барлығы керемет, эмоция, әртүрлі драйв алдық. Мұндай іс-шараларға жиі қатысып, ұйымдастырып тұрамыз. Біздің ұйым 500-ден астам адамның басын қосқан «Caspian Eco Fest» фестивалін өткізген болатын. Мұндай басқосулардың негізгі мақсаты – эко-мәдениетті қалыптастыру. Осы ретте жастарға сана-сезімді жөндеу керек. Бұл – біздің еліміз, тұрып жатқан жеріміз. Ата-бабамыздың бізге қалдырып кеткен мұрасын бағалап, келесі ұрпаққа амансау жеткізу – баршамызға ортақ міндет, – дейді «Жасыл жебе» экологиялық ұйымының мүшесі Динара Нұрғали.

Жастар экологиялық акцияға атсалысып, таным көкжиегін кеңейтіп, бар ынта-қабілетін ортаға салды. Қатысушылар мұндай іс-шараларды жиі ұйымдастыру жасөспірімдердің экологиялық тақырыптарға деген қызығушылығын арттыруға көмектесетінін әрі экологиялық сауаттың қалыптасуына ықпал ететінін айтады.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА – 60 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ



**ЕЛІМІЗДЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН
ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ.
САЛАНЫ ӨРКЕНДЕТУ МАҚСАТЫНДА ЖАЛПЫ
ҚҰНЫ 60 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН
41 ІРІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАДАН ТҰРАТЫН
АУҚЫМДЫ ПУЛ ЖАСАҚТАЛДЫ.**

Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Балық шаруашылығы комитетінің төрағасы Серік Сермағамбетов мәлімдеді. Бұл жобалардың ең ірілері Алматы, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Маңғыстау облыстарында қарқынды жүзеге асырылып жатыр.

Сонымен қатар экологиялық тепе-теңдікті сақтау бағытында Каспий итбалығын қорғау мақсатында арнайы табиғи резерват құрылып, оның материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары қолға алынған.

Каспий теңізіндегі сирек кездесетін бекіре тұқымдас балықтардың қорын толықтыру бағытында Атырау бекіре балық

өсіру зауытын «Жаңаталап» және «Еркінқала» учаскелерінде жаңғырту жұмыстары жүреді. Құрылыс-монтаж жұмыстары жер қойнауын пайдаланушы «NCOC» компаниясының бюджеттен тыс өтемақы қаражаты есебінен жүргізіліп жатыр және бұл зауыттың өндірістік қуаттылығын арттырып, су айдындарына жіберілетін шабақтар көлемін 5 миллионнан 7,5 миллион данаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Осы ретте аквашаруашылықты дамытуға мемлекет тарапынан да ерекше қолдау көрсетіліп келеді. Оған дәлел – 2021 жылдан бері субсидия көлемінің 11,5 есеге өсіп, биыл 5,3 миллиард теңгеге жетуі. Осындай жүйелі шаралардың нәтижесінде, еліміздегі балық өсіретін шаруашылықтар саны қысқа мерзімде 2 есеге көбейіп, 684-ке жетті, ал өткен жылы 23 мың тонна балық өсірілді.

Инвестициялық белсенділік те жоғары, былтыр негізгі капиталға 5,8 миллиард теңге салынса, 2026 жылдың алғашқы бес айында бұл көрсеткіш 4 миллиард теңгені құрады. Осылайша, мемлекеттік қолдау мен жеке капиталдың бірігуі отандық балық шаруашылығын мүлдем жаңа деңгейге көтермек.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ